

Бекітемін:
Меңгеруші: Д.К. Темирбекова



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) Шың-Бөбек бөбекжай балабақшасы

Топ: Күншуақ ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): маусым, шілде, тамыз, 2025-2026 оқу жылы

Педагогтің аты-жөні: Абсамат Диана

Балабақшадағы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мақсаты: Балалардың қарапайым танымдық түсініктерін дамыту, қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру, ертегі мен ойын арқылы алғашқы тілдік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру. Салт-дәстүр, отбасы, қарапайым мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қимылды және сөздік ойындар арқылы есту, көру, қайталау қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге және қарапайым әдеп нормаларын сақтауға тәрбиелеу.

№	Іс-шара атауы	Жұмыс түрі	Қолданылатын ойындар
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар			
МАУСЫМ			

1	«Бақытты балалық шақ» (Балаларды қорғау күні)	Әңгімелесу	«Жылы лебіз»
2	«Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» (Рәміздер күні)	Сөйлеуді дамыту	«Рәмізді көрсет», сөздік ойын
3	«Жазғы қауіпсіздік»	Танымдық іс-әрекет	Суретпен жұмыс, «Не байқадың?»
4	«Әдептілік әлемі»	Әңгіме жүргізу	«Жақсы мен жаман»

1- апта («Бақытты балалық шақ»): Балаларды қорғау күніне арналған тақырып. Баланың бақытты балалық шағы, құқықтары мен денсаулығы туралы әңгімелесу өткізіледі. Бұл мереке баланың құқықтарын, денсаулығы мен әл-ауқатын қорғау қажеттілігін еске салады

«Жылы лебіз» ойыны арқылы балалар бір-біріне жылы лебіздер айтады, сөйлеу қабілеті мен эмпатиясы дамиды.

2- апта («Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы»): 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналады

Балалар Қазақстанның туын, елтаңбасын және әнұранын танысады. «Рәмізді көрсет» ойындары мен сөздік ойын арқылы рәміздерге қатысты жаңа сөздер үйренеді.

3-апта («Жазғы қауіпсіздік»): Жаз мезгілінде (дара жол, су, күн) қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері түсіндіріледі. Балалар суреттермен жұмыс істеп, «Не байқадың?» ойынында жазғы қауіпсіздік көріністерін талдайды.

Мысалы, көшеде, көл жағасында қалай жүру керек екені айтылады

4-апта («Әдептілік әлемі»): Балаларға сыпайылық пен дұрыс мінез-құлық үлгілері үйретіледі. Әңгімелесу барысында «жақсы сөздер» мен «жаман сөздер» тақырыбы талқыланып, «Жақсы мен жаман» ойыны ойналады. Бұл сөйлеу әдебін меңгеруге және эмоцияларын басқара білуге көмектеседі.

	<i>Іс-шара атауы</i>	<i>Жұмыс түрі</i>	<i>Қолданылатын ойындар</i>
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар			
ШІЛДЕ			
1	«Астана – бас қалам» (Астана күні)	Танымдық іс- әрекет	«Қаланы тап» немесе «Не байқадың?»
2	«Бауырсақпен саяхат» (Ертегі оқу)	Ертегі оқу	«Кейіпкерді көрсет»
3	«Жазғы демалыс»	Әңгімелесу	«Мен жазда...» (суретпен әңгіме)
4	«Ұлттық ойындар әлемі»	Танымдық ойын	«Арқан тарту», «Теңге ілу»
5	«Жазғы қауіпсіздік»	Әңгімелесу, түсіндіру	«Мен жазда...» (суретпен әңгіме)

1.апта («Астана – бас қалам»): 6 шілде – Астана күніне арналған тақырып.

Балалар елорданың тарихы мен ерекшеліктерін танып-біледі. Танымдық іс-әрекет кезінде «Қаланы тап» ойыны арқылы Астананың көрікті жерлері мен туын суреттерден бөліп көрсетеді.

2.апта («Бауырсақпен саяхат»): Бұл аптада қазақ ертегісі оқылады. Балалар

«Бауырсақ» ертегісін тыңдайды. «Кейіпкерді көрсет» ойынында ертегі кейіпкерлері таныстырылады, қиялы мен логикасы дамиды.

3.апта («Жазғы демалыс»): Жаз мезгіліндегі күнделікті істер туралы әңгіме. Балалар жазда немен айналысатындары туралы әңгімелеседі және суреттермен жұмыс жасайды («Мен жазда ...»). Мысалы, суға шомылу, далада серуендеу сияқты әрекеттер айтып өтеді.

4.апта («Ұлттық ойындар әлемі»): Қазақтың дәстүрлі ойындарын таныстыру. Балалар «Арқан тарту», «Теңге ілу» сияқты ойындар арқылы топта жұмыс істеуге, қарсыласуды әділ ұйымдастыруға үйренеді. Бұл ұлттық салт-дәстүрге патриоттық сезім қалыптастырады.

5.апта Жаз мезгіліндегі күнделікті істер туралы әңгіме. Балалар жазда немен айналысатындары туралы әңгімелеседі және суреттермен жұмыс жасайды («Мен жазда ...»). Мысалы, суға шомылу, далада серуендеу сияқты әрекеттер айтып өтеді.

№	Іс-шара атауы	Жұмыс түрі	Қолданылатын ойындар
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар			
ТАМЫЗ			
1	«Сыпайылық әлемі»	Әңгімелесу	«Сиқырлы сөздер»
2	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі оқу	«Кейіпкерді көрсет»
3	«Әдептілікке үйренеміз»	Тіл дамыту	«Сыпайы сөздер»
4	«Жазғы кереметтер»	Танымдық ойын	«Жаз белгілерін тап»

1. апта («Сыпайылық әлемі»): Балаларға сыпайылық пен сәлемдесу мәдениеті үйретіледі. Әңгімелесу барысында «сиқырлы сөздер» (рахмет, өтінемін, кешіріңіз) ойыны ойналады. Бұл балаларды бір-біріне құрмет көрсетуге және көмектесуге шақырады.

2. апта («Қызыл телпек» ертегісі): Балаларға әйгілі «Қызыл телпек» ертегісі оқытылады. Ертегі оқу арқылы қиялы дамиды, «Кейіпкерді көрсет» ойынында ертегінің кейіпкерлерін дәл табу ұсынылады.

3. апта («Әдептілікке үйренеміз»): Балаларды сыпайы сөйлеу мен дұрыс қылықтарды айыра білуге баулиды. «Сыпайы сөздер» ойыны арқылы балалар өзара «рахмет», «өтінемін» деген жүріс-тұрысты тәжірибелейді.

4. апта («Жазғы кереметтер»): Жаз мезгілінің аяқталуына орай таңғажайыптарын талқылайды. Танымдық ойын барысында балалар жазды жан-жақты еске түсіреді: табиғаттағы өзгерістерді суреттерден анықтайды, «Жаз белгілерін тап» ойынында қонақтарды таңдандыратын оқиғаларды атайды.

Ата-аналарға кеңес

Бұл апталық жоспар 3 жасар балалардың даму ерекшеліктерін ескереді. Үш жасында бала жеке тұлға ретінде қалыптасып, өз қалауын білдіруге ұмтылады сондықтан сабақтарда ойын арқылы сөйлеу мен қимыл-қозғалыс еркіндігін дамытуға мән беріледі. Мысалы, ертегі кейіпкерлерін көрсету немесе «Қаланы тап» сияқты ойындар арқылы баланың қиялы мен танымы жетіледі.

Балалармен бірге әр апта тақырыбын талқылаңыз. 1-маусым – Балаларды қорғау күні тақырыбында («Бақытты балалық шақ») балалардың құқығы туралы әңгімелесіп, оларды қолдаңыз 4-маусым – Рәміздер күнінде («Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы») Қазақстан туы, елтаңбасы мен әнұранын көрсетіп, рәміздерге құрметке тәрбиелеңіз

Шілде айында Астана күні тақырыбында («Астана – бас қалам»)

елорда тарихы туралы айтып, балаңызбен бірге Астана суреттерін қараңыз

Ұлттық ойындар аптасында «Арқан тарту», «Теңге ілу» сияқты ойындарды үйде де қайталап, отбасы мүшелерімен көңілді өткізсе болады.

Жазғы қауіпсіздік аптасында балаларға суға, күнге және көшеге қатысты қауіпсіздік ережелерін үйретіңіз. Балаларға кез келген жерде сақ болуға үйретудің маңызы зор. Мысалы, көшеде асықпауды, қолды ұстап жүруді және суға тек қадағалауымен ғана түсу керектігін қайталаңыз.

Жалпы, бұл жоспар арқылы балалар әлеуметтік-қоғамдық (достық, сыпайылық), патриоттық (отаншылдық, мемлекеттік рәміз) және өзіне-өзі күтім жасау (қауіпсіздік) дағдыларын меңгереді. Оларды үйде толықтырып, талқыға салу арқылы баланың дамуына қолдау көрсетіңіз.